

Сыртқы аудитор туралы ақпарат

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның (бұдан әрі – ҚМГ) Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы шешіміне (№1/2024 хаттама) сәйкес 2025-2029 жылдардағы қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым болып «ПрайссуотерхаусКуперс» ЖШС (бұдан әрі – Сыртқы аудитор) айқындалды.

2025-2029 жылдардағы қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтерді сатып алу туралы 2024 жылғы 19 шілдедегі №1044-27/24 ұзақ мерзімді Шарттың (бұдан әрі – Шарт) сомасы, Шартқа қосымша келісімді ескере отырып, ҚҚС-ты есепке алғанда 3 763 620 мың теңгені құрайды және аудиторлық қызметтер көрсетуге байланысты барлық шығыстарды қамтиды, оның ішінде жылдар бойынша:

- 2025 жыл – 629 750 мың теңге;
- 2026 жыл – 699 480 мың теңге;
- 2027 жыл – 752 758 мың теңге;
- 2028 жыл – 810 031 мың теңге;
- 2029 жыл – 871 601 мың теңге.

2025 жылы Сыртқы аудитор* көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер туралы ақпарат:

№	Сыртқы аудитор көрсеткен қызметтердің атауы	Қызметтердің құны, ҚҚС-сыз, мың теңге	
		2025 жыл	2024 жыл
1	Есепті кезең үшін тоқсан сайынғы шолуларды қоса алғанда, ҚМГ және оның барлық деңгейдегі еншілес ұйымдарының шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігінің аудиті бойынша шығыстар	1 543 406	2 147 131
2	Аудиторлық емес қызметтер		
2.1	Корпоративтік басқару диагностикасы бойынша консультациялық қызметтер	138 147	-
2.2	Инвестициялық проспектілер шеңберінде есептілікті растау және ақпаратты ашу жөніндегі қызметтер	129 360	-
2.3	Бағалау жөніндегі қызметтер	39 691	
2.4	ESG қызметтері	32 321	
2.5	Қаржылық қызметке және қаржылық басқаруға байланысты консультациялық қызметтер	22 711	4 751
2.6	Арнайы мақсаттағы аудит жүргізу	16 000	-
2.7	Салық консультацияларын көрсету жөніндегі қызметтер	14 493	6 856
2.8	Оқыту жөніндегі қызметтер	10 148	-
2.9	Тіркеу елінің заңнамасында талап етілетін есептілік	5 895	-
2.10	Орнықты даму туралы есепті верификациялау жөніндегі консультациялық қызметтер	-	46 956
2.11	Басқарушылық есептілігінің аудиті	-	704
2.12	Қаржылық есептілікті аудару қызметтері	-	469
	ҚМГ және оның барлық деңгейдегі еншілес ұйымдарының аудиторлық емес қызметтері бойынша шығыстар ЖИЫНЫ	408 766	59 736
3	Аудиторлық емес қызметтердің үлесі, %	26,5%	2,8%

* «Эрнст энд Янг» ЖШС – ҚМГ-нің 2022-2024 жылдардағы қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыру үшін белгіленген аудиторлық ұйым («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 20 қаңтардағы шешімі (№05/22 хаттама).

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС – ҚМГ-нің 2025-2029 жылдардағы қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыру үшін белгіленген аудиторлық ұйым (ҚМГ Акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы шешімі (№1/2024 хаттама)).